



МҰРДАЗ- ҚАЗАЛЫ

№3
(2278)
Сенбі
11 қаңтар
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

ҚАЗАЛЫ АУДАНДЫҚ ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ ҒИМАРАТЫ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛДІ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен Қазалы аудандық прокуратурасы ғимаратының ашылу рәсімі өтті. Оған Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің депутаттары: Наурызбай Байқадамов, Руслан Рүстемов, Мархабат Жайымбетов, Мұрат Ергешбаев, Мұрат Әбенев, облыс прокуроры Ризабек Ожаров және зиялы қауым өкілдері, кент тұрғындары қатысты.

–«Бүгін өздеріңізбен бірге Әйтеке би кентіндегі аудандық прокуратура ғимаратының ашылуына куә болудамыз. Бұған дейін прокуратура қызметкерлері аудан орталығынан ғимаратты жалға алып, пайдаланып келді. Енді, міне, сәулетті, заман талабына сай, жаңа ғимаратқа ие болды.

Прокуратура қызметкерлері еліміздегі конституциялық тәртіп пен заңдылықтың сақталуы, азаматтардың құқықтарын қорғау мен заңсыздықтарды жою жолында бар күш-жігерін жұмсап, қызметтерін адал атқара береді деп сенемін. Баршаңызды аудандық прокуратура ғимаратының ашылуымен шын жүректен

құттықтаймын! Әділетті Қазақстан құру жолындағы ізгі мақсат-мұратымызға адал еңбекпен, бекем бірлікпен, тату тірлікпен, толайым жетістікпен жете берейік! Жаңа жыл әр шаңыраққа бақ-береке әкелсін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болғай!», – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада ауданның өркендеуіне үлес қосқан ардагерлер, құқық қорғау саласының қызметкерлері мен құрылыс мекемесінің мамандары марапатталды.

Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, облыс прокуроры Ризабек Ожаров рәсімге келушілерді

құттықтады.

Қызылорда облысының Құрметті азаматы Самұрат Имандосов батасын берді.

Айта кетейік, Қазалы ауданында экономиканың барлық саласында тұрақты өсім қалыптасып, даму көрсеткіштері ілгеріледі. Айтулы істер мен жарқын жобалар жүзеге асты.

Өткен жылдың басында аудан бюджеті 10 млрд. 800 млн. теңге болса, жыл қортындысымен 18 млрд. 946 млн. теңгеге жетіп, 70 пайызға өсті. Бұл қаржы тұрғындардың өзекті деген мәселелерін шешуге бағытталуда.

Қазан айында елдің

тұтастығын, береке-бірлігін, ынтымағын ту етіп көтерген тарихи тұлғалар Әйтеке бидің 380 жылдығы мен Жанқожа Нұрмұхаммедұлының 250 жылдығы кең көлемде аталып өтті. Сол кезде 148 отбасыға жаңа баспана кілті табысталып, «Әмір Арена» спорт кешені ел игілігіне пайдалануға берілді. Абай аулы «көгілдір отынға» қосылды.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр аулында 300 орындық мектеп құрылысы қарқынды жүргізілуде. Алдағы ақпан айында пайдалануға беріледі. Ал

«Руханият» орталығы сәуір айында ел игілігіне айналмақ.

«Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында Әйтеке би кенті, Бекарыстан би және Қожабақы ауылдарында 3 спорткешені және «Майдакөл» аулында 100 орындық ауылдық клубтың құрылысы жүргізілуде. «Кәукей» аулындағы 100 орындық клуб өткен аптада іске қосылды.

Былтыр ауыл арасындағы, елді мекенішілік жолдарды жақсарту бағытында бірқатар жұмыстар атқарылды. Бүгінде жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 88,2 пайызға жетті.

ОБЛЫС ӘКІМІ АУДАНДАҒЫ ЖЕДЕЛ БАСҚАРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖҰМЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қазалы ауданына жұмыс сапары кезінде Жедел басқару орталығының жұмысымен танысты.

Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес қалалық және аудандық полиция бөліністеріндегі кіші жедел басқару орталықтарын қаржыландыру жүктелген болатын.

Облыс әкімдігі өңірдің 7 аудандық полиция бөліміндегі Жедел басқару орталығын құруға қаржы бөлді. Бұл қаржыға ақпараттарды қабылдау мен тіркеуді автоматтандыратын, қоғамдық орындарда тәртіпті бақылайтын 77 бейнекамера, жол қозғалысы



ережелерін бұзғандарды ав- 7 стационарлық жылдамдық томатты түрде анықтайтын өлшегіш құрылғы сатып

алынған, оған қоса «ЖБО 2.0» бағдарламасы да қамтамасыз етілген.

Аудандағы Жедел басқару орталығында бейнекамералар пилоттық режимде жұмысын бастады. Мердігер мекеме стационарлық жылдамдық өлшегіш құрылғылар мен «ЖБО 2.0» бағдарламасын іске қосу үшін тексеру жүргізуде.

Аталған орталықтың басты мақсаты – тұрғындардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Осы жайлы атап өткен аймақ басшысы тексеруді толыққанды жүргізуді тапсырды.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

ҚР СУ РЕСУРСТАРЫ ЖӘНЕ ИРРИГАЦИЯ МИНИСТРІ СЫР ЕЛІНЕ КЕЛДІ

Облыс әкімдігінде «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасы талқыланды. Оған ҚР Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітов, Парламент Мәжілісінің депутаты Мархабат Жайымбетов, облыс әкімінің орынбасары Бахыт Жаханов, аталған министрліктің өкілдері, жергілікті атқарушы органдар мен су шаруашылығы саласының басшылары, ардагерлер қатысты.

Бахыт Жаханов аймақ басшысының тапсырмасына сәйкес өңірде атқарылған жұмыстарға, алдағы жоспарларға тоқталды.

«Өңірлік дамыту және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасының 3 негізгі компоненті бар. Соның 2-уі Қызылорда облысында тұрақты экономикалық, әлеуметтік және экологиялық қызметті қолдауға арналған.

Екінші компоненттің бес бағыты – балық шаруашылығы, туризм, жасыл белдеу құру, егін және мал шаруашылығы. Оған 39 жоба енгізілген, 13-

ін Халықаралық «Аралды құтқару қорының» атқарушы дирекциясы, 13-ін жергілікті әкімдіктер, 4 жобаны Балық шаруашылығы ғылыми зерттеу орталығының Арал филиалы, 3 жобаны Ы.Жахаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты, 6 жобаны әртүрлі ұйымдар, жеке тұлғалар ұсынған.

Жобалар іске асқан жағдайда 1927 адам тұрақты жұмыспен қамтылуы жоспарланған.

«Жаңақорған ауданы, «Сүттіқұдық» аулы аумағындағы суармалы алқаптарда 11 ұңғыманы бұрғылау» жобасы 2022 жылы Үкімет резервінен бөлінген қаржыға іске асырылды. Тағы 3 жоба қолға алынған.

Министрдің жұмыс сапары Арал ауданында жалғасады. Онда «Өңірлік дамыту және Арал теңізінің Солтүстік бөлігін қалпына келтіру» жобасының техника-экономикалық негіздемесі талқыланатын мәжіліс өтеді деп жоспарланды.

Қызылорда облысы әкімінің баспасөз қызметі

2025 ЖЫЛ ЕЛІМІЗДЕ «ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ» ДЕП ЖАРИЯЛАНДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жарлығымен 2025 жыл елімізде «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жарияланды.

Осыған орай, аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбеттің төрағалығымен арнайы мәжіліс өтіп, күн тәртібіндегі мәселеге сәйкес ауданда жыл көлемінде атқарылатын іс-шаралар мен жұмыстар талқыланды.

Мәжілісте аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет еңбек адамына деген құрметті дәріптеу, жұмысшы мамандықтарын насихаттау, беделін көтеру, жұмысшы мамандықтарына деген жастардың қызығушылығын



арттыру бағытында бірлесе жұмыс атқару қажеттігін міндеттеді. Әсіресе, бұл жұмыстарды мектеп қабырғасынан бастап қолға алып, оқушылардың бүгінгі заман талабына қажетті мамандықтарды дұрыс таңдай білу жөнінде мектеп оқушыларымен жұмыс жүргізу керектігін айтты.

Сонымен қатар, аудандағы кәсіптік білім беретін 3 оқу орнының басшыла-

рына бүгінгі күннің талабына сәйкес мамандар әзірлеу – басты талап екенін айтып, кәсіптік және техникалық білім беру талаптарын осы бастан күшейтіп, білім сапасын қадағалау қажеттігі жөнінде тапсырма берді.

Айта кетейік, бүгінде Қазалы ауданында техникалық және кәсіптік білім беру бағытында 3 колледж жұмыс атқаруда.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУ ІСІНДЕ ЖАҢАШЫЛДЫҚ КӨП



Соңғы жылдары мемлекетімізде техникалық және кәсіптік білім беру жүйесінің дамуына және осы жүйе бойынша оқытылатын кәсіптер мен мамандықтардың көптеп ашылуына көңіл бөлінуде. Бұған бірден-бір дәлел, Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялауы.

керектігін айтқан болатын. Себебі, жастарды тегін кәсіптік-техникалық мамандықтарға оқыту бүгінде көптеген сұранысқа ие салалардағы маман тапшылығының алдын алады. Сұранысқа сай, сапалы маман даярлау оқу орындарына жүктелетін жауапты міндет. Кәсіби білімнің іргетасы берік қаланса ғана маман өз саласын өрге сүйрей алады. Осы бағытта жұмыс істеп жатқан

білім ордаларының маңызы зор. Солардың бірі - Қазалы аграрлы-техникалық колледжі бүгінде білім алушыларға теория мен практиканы ұштастырып сапалы маман даярлап отырған 75 жылдық тарихы бар іргелі оқу орны.

Негізі 1954 жылы қаланған бұл оқу орны ауылшаруашылық саласында өңір кәсіпорындарына қажетті мамандар даярлап шығарады. Биылғы оқу жылында Қазалы аграрлы-техникалық колледжінде 264 студент мемлекеттік тапсырыс негізінде тегін білім алуда. Олардың тегін оқуы үшін мемлекет нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту секілді бағдарламаларды жүзеге асырады. Бүгінде мұнда дәнекерлеушілер, механиктер, фермерлер, құрылысшылар, ветеринарлар, аспаздар, ақпараттық технология, тағы басқа мамандар оқытылады. Білім ордасы негізінен ауыл шаруашылық мамандарын дайындайтын болғандықтан білім алушылар мұнда тек теория жүзінде ғана емес, тәжірибеден өтіп шыңдалып шығады. Бұл үшін колледжде мемлекеттің қолдауымен «Жас маман» жобасы бойынша алынған ауыл шаруашылық техникалары мен жабдықтарын колледж студенттерінің игеруіне

мүмкіндіктері зор.

Елімізде жыл сайын шамамен 145 мыңға жуық студент орта білімді тәмамдайды. Олардың 70 пайызы еш қиындықсыз жұмысқа орналасады екен. Десек те, елімізде жұмысшы мамандар әлі де тапшы. Осы тұрғыда колледждерге бөлінетін мемлекеттік тапсырыс көлемі артты. Биыл 140 мыңнан астам қазақстандық тегін техникалық және кәсіптік білім алуда. Білім саласындағы жаңа өзгерістер білікті маман дайындауға, жастарды жұмыспен қамту мәселесін шешуге оң ықпалын тигізеді сөзсіз.

«Елу жылда ел жаңа» деген сөз бар. Кәсіптік білім берудің бүгінгі таңдағы жаңашылдығы заман көшінен қалмай, ел дамуына еселі үлес қосуға бағдайды. Қалай болғанда да, «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп, дана Абай айтқандай, ұстаздықтың ұлы жолына сызат түсірмей, білім беру жүйесіндегі жаңашылдықтарды орнымен қолданып, мұғалімнің беделі мен бет-бейнесіне лайық болу бұлжымайтын заңдылық, ұстаздықтың алтын қазығы болып қалатыны сөзсіз.

Шымберген РЫСБАЕВ,
Қазалы аграрлы-техникалық колледжінің арнайы пән оқытушысы

ҚАТАРЛАРЫМ АЗАЙЫП БАРА ЖАТЫР

Уақыт білінбей өтудің шебері екенін жетпіс бес жасқа келгенде бірақ білдік-ау. Жас күнімізде бірге ойнаған сыныптастарым, кәсіптік –техникалық училищеде бірге оқыған достарым, әскерде бірге болған замандастарымды айтпағанның өзінде 25 жыл милицияда қызметтес болған қатарластарымның арасынан ешкімнің қалмағанына қамығамын, олардың бет-бейнелерін көз алдыма елестетіп сағынамын. Олардың бәрін тізбелеп айта бермей –ақ қояйын. Солардың бірі де бірегейі пагон таққандардың ішіндегі жақсы сыйласып өткен әрі отыз жыл көршім болған Шораев Жеткерген Жанбосынұлы. Ол 1949 жылдың тамыз айының 4-ші жұлдызында Қазалы ауданындағы Карл Маркс кеңшарында еліне сыйлы бас есепші (бас бухгалтер) Жанбосынның отбасында дүниеге келген. Анасы Күлпан тазайын, еңбекқор сүйкімді жан болатын. Жеткерген аталмыш ауылдағы білім ұясынан он жылдықты бітіреді. Мектепте оқып жүргенде спортқа өте бейімділігін жастайынан көрсетіп, күреске, футболға қатысып ерекшеленеді. 1968 жылдың көктемінде әскерге алынып, борышын Литваның Каунас қаласында өтейді. Полктегі спорт залында бос уақытын спортпен айналысуымен, жаттығуымен өткізіп, командирлерінің назарына ілігеді. Шағын денелі шапаттай ғана қазақтың қара торы баласы салмағы ауыр басқа ұлт өкілдерімен күрестірсе, оларды аса шапшаңдықпен түрлі күрес тәсілдерін қолдана отырып, аяқтарын аспаннан келтіріп жауырындарын жер иіскетеді. Содан соң әскерилер таңырқап «Сен күрес түрлерін қайдан үйрендің, кімнен үйрендің», - деп сұраса оған Жеткерген ауылдағы


мектептегі ұстаздарымнан деп жауап береді. Оған командирлері мүмкін емес деп сенімсіздікте білдіреді. Ол күрес қана емес, футбол, баскетбол, волейбол ойындарында да ерекшеленеді. Әсіресе күрес пен футболдан әскерилердің жарыстарына қатысып, полктың намысын қорғап, мақтау грамоталарымен, сыйлықтармен марапатталып өз ортасының беделді сарбазы бола біледі. Оған бөлімше командирі, сержант шені беріледі. 1970 жылдың көктемінде өте жақсы деген әскери мінездемемен «Спорттағы жетістігі үшін» төсбелгісімен, полк командирінің мақтау грамотасымен туған еліне оралады. Сол кездегі ауданның әскери комиссары, подполковник Тілепов оның әскери мінездемесін оқып, «Сен бала милиция қызметкері болуың керек, оған сендей спортсмен жігіттер керек», - деп ақыл береді. Милициялық қызметке дайындайтын үш айлық курсқа жібереді.

1972 жылдың жазында Төретам кентінің тумасы, сүйкімді де, биязы мінезді бойжеткен Света Нәби қызымен үйленеді. Жеткерген әріптесім әдепкіде милицияның күзет бөлімінің милиционері болып орналасып, оперативтік кезекшінің көмекшісі, уақытша ұстау абақтысының милиционері, кейін бөлімше командирі қызметтерін өз дәрежесінде атқара білді. Ол ешқашан спорттан қол үзбеді. 1976 жылы Қазақ ССР-і ішкі істер министрлігінің Целиноград қаласында өткізілген республикалық жарысында самбо күресінен екінші орын алып, министр, генерал-лейтенант Ш.Қабылбаевтың қолынан марапатын алып, аудан ғана емес облыстағы пагондылардың намысын қорғағанының куәсіміз. Футбол ойыны десе оған

қатысқанша асығатын, барын салып ойнайтын, өте шалт қимылдайтын. Талай рет күрес түрлерінен бөлімнің намысын қорғады. Марапаттан да кенде болмады. Қиын да қауіпті қылмыскерлерді ұстауға жіберетін жеті қызметкерден құралған топтың бірінші басшының бұйрығымен он бес жыл бойы құрамында болды. Азаматтың ерен еңбегі де әр уақыттары ескерілді. «Мінсіз қызметі үшін» III, II, I және ҚР Полициясының 20,25 жылдық медальдарын төсіне тақты.

Көптеген мақтау қағаздарымен алғыс хаттар, бағалы сыйлықтарда алды. Зайыбы Света екеуінен Талғат, Ғалымжан, Бауыржан есімді ер балдары мен Индира есімді қыздары бар. Әсіресе Индирасын «Индукам» деп өте жақсы көретін. Ұрпақтарының бәрі де бір-бір шаңырақ иелері. Бәріне де үй салып алуларына, жұмысқа орналасуларына жағдай жасады. Жеткерген тоғыз рет қауіпті қылмыскерлерді ұстау операциясына қатысты. 1995 жылы тиісті сала ережесіне сәйкес зейнеткерлікке шықты.

Темір жол жабдықтау мекемесінде күзетші де болды. Сегіз немересінің сүйікті атасы атанды. Осыдан 7-8 ай бұрын әріптесім ауыр дертке тап болды. Ауданда да, Алматыда да біраз емделгенімен нәтиже шықпады. Алматыдағы емханада емделіп жатқанында «халың қалай, досым» деп звондап едім. «Халым онша емес, өте қиналып отырмын», -деп әлсіз даусымен жауап беріп еді ау, марқұм. Қасымда Света бар ғой дегенді. Ауылға келген соң әйелі Света Беганыш қалайсың деп звондады. Жұбайының солқылдап көп жылағанын айтқанда менің де кеулім босады. Сөйткен қимас досымыз, әріптесіміз, көршіміз Жеткерген 2024



жылдың қараша айының жетінші жұлдызында мәңгілік өмірге аттанып кеткенін аңғармай да қалдық.

Запастағы милиция старшинасы Жеткерген Жанбосынұлы жайлы көп айтуға да жазуға да болады. Ол келесі уақыттың еншісінде. Ойлап отырсам пагон таққан қатарластарымнан: Суханов Қуантай, Ізімбетов Нағашыбай, Кәкішев Қоныс, Жұбатыров Серік, Мырзабеков Толысбек, Абдреймов Жасағанберген, Бөкеев Аманжол, Қайназаров Әзімхан, Жанұзақов Қанжарбек, Арыстанбаев (Антон) Абдрахман, Баекеев Кенжебай, Ерімбетов Теңізбай, Құлманов Құттыболат, Алтынбеков Алихан келместің кемесіне мініп кетіпті-ау...

Алла Тағала алдарынан жарылқасын, марқұмдардың. Иә, осылайша күннен күнге қызметтес болған қатарластарым азайып бара жатыр.

Беганыш ЖАҚСЫБАЙ,
ҚР ішкі істер министрлігінің
құрметті ардагері
белгісінің иегері.
Әйтеке би кенті

2025 ЖЫЛДАН БАСТАП ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ МӨЛШЕРІНІҢ АРТТЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ

«2025–2027 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес, 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап:

айлық есептік көрсеткіш (АЕК) – 3 932 теңге;
ең төменгі күнкөріс деңгейі (ЕТКД) – 46228 теңге;
ең төменгі жалақы – 85000 теңге;
ең төменгі зейнетақы – 62771 теңге.

Базалық зейнетақы төлемінің ең төменгі мөлшері – 32360 теңге мөлшерінде белгіленді.

Жаңа жылдан бастап еңбек сіңірген жылдары үшін және жасына байланысты зейнетақы төлемдерінің мөлшері 8,5 %-ға

арттырылады.

Сонымен қатар, жасына байланысты жаңадан тағайындалатын зейнетақы төлемдерінің мөлшерін есептеу үшін ескерілетін ең жоғары табыс мөлшері 203060 теңгеден 216260 теңгеге (55 АЕК) көбейтіледі.

1 қаңтардан бастап мемлекеттік базалық зейнетақы төлемінің мөлшері ЕТКД-нің жаңа мөлшеріне пайыздық қатынаста белгіленеді.

Атап айтқанда, зейнетақы жүйесіне қатысу өтілі он жыл және одан аз болғанда немесе болмағанда тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 70 пайызы (65 пайыздың орнына) мөлшерінде, зейнетақы

жүйесіне қатысу өтілі он жылдан артық әрбір толық жыл үшін оның мөлшері 2 пайызға арттырылады, бірақ ең төменгі күнкөріс деңгейі шамасының 110 пайызынан аспайтын мөлшерде беріледі.

Бұл жаңадан тағайындалған зейнеткерлерге және 01.01.2025 жылға дейін зейнетке шыққандарға қатысты.

Мүгедектігіне және асыраушысынан айрылу жағдайына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылардың мөлшері ЕТКД (46228 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылады.

Сонымен қатар, мүгедектігі бар баланы (мүгедектігі бар балаларды) тәрбиелеп отырған анаға немесе әкеге, бала асырап алушыға, қорғаншыға (қамқоршыға) және бірінші

топ мүгедектігі бар адамға күтімді жүзеге асыратын адамға төленетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері ЕТКД (46228 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арттырылды. 01.01.2025 жылдан бастап бұл жәрдемақылардың мөлшері 74428 теңгені құрайды.

01.01.2025 жылдан бастап АЕК-пен есептелетін жәрдемақы төлемдері мөлшері оның артуына (3932 теңге) байланысты көбейеді.

Атап айтқанда, бала тууға байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы және ай сайынғы бала бір жарым жасқа толғанға дейін оның күтіміне байланысты мемлекеттік жәрдемақы төлемдерінің мөлшері:



2025 ЖЫЛДАН БАСТАП ЗЕЙНЕТАҚЫМЕН ЖӘРДЕМАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ МӨЛШЕРІНІҢ АРТТЫРЫЛУЫ ТУРАЛЫ

(Жалғасы. Басы 3-ші бетте)

Бірінші, екінші және үшінші бала туылғанда берілетін біржолғы жәрдемақының мөлшері (38-АЕК) 01.01.2024 жылғы 140296 теңгені құраса, 01.01.2025 жылдан бастап 149416 теңгені құрайды немесе 9120 теңгеге, ал төрт және одан да көп бала туылғанда (63-АЕК) 232596 теңгеден 247716 теңгеге немесе 15120 теңгеге артады.

Ал, бала біржарым жасқа толғанға дейінгі күтіміне байланысты берілетін жәрдемақы мөлшері тууы кезектілігіне байланысты 01.01.2025 жылдан бастап бірінші балаға -22649 теңге, екінші балаға - 26777 теңге, үшінші балаға - 30867 теңге, төртінші және одан да көп бала туылғанда 34995 теңгені құрайды.

Сол сияқты, АЕК (3932 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты бірге тұратын төрт және одан көп көмелетке толмаған баласы, оның ішінде он сегіз жасқа толғаннан кейін білім беру ұйымдарын бітіретін уақытқа дейін (бірақ жиырма үш жасқа толғанға дейін) жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру

ұйымдарында жалпы білім беретін немесе кәсіптік бағдарламалар бойынша күндізгі оқу нысаны бойынша білім алатын балалары бар көпбалалы отбасыларға берілетін ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері де арттырылады.

Бұл жәрдемақылардың мөлшері балалар санына қарай сараланып ұлғайтылады.

Атап айтқанда, 4 баласы бар отбасыларға 63030 теңге, 5 балаға – 78798 теңге, 6 балаға – 94565 теңге, 7 балаға- 110332 теңге, 8 балаға - 125824 теңге, 9 балаға-141552 теңге, 10 балаға- 157280 теңге және одан әрі жәрдемақы мөлшері бала санына қарай өзгереді.

Жаңа жылдан бастап «Күміс алқамен» марапатталған аналардың ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақысының мөлшері 25165 теңгені, ал, «Алтын алқамен» марапатталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен марапатталған көп балалы аналарға ай сайынғы мемлекеттік жәрдемақының мөлшері 29097 теңгені құрайды.

Жасына байланысты зейнетақы,

мемлекеттік базалық зейнетақы төлемдерін және мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақыларды алушылар қайтыс болған жағдайда, оның отбасына немесе жерлеуді жүзеге асырған адамға жерлеуге арналған біржолғы жәрдемақының мөлшері 137620 теңгені құрайды.

Сонымен қатар, АЕК (3932 теңге) мөлшерінің ұлғаюына байланысты арнаулы мемлекеттік жәрдемақы төлемдерінің мөлшері арттырылады.

Облыс бойынша 269,5 мыңнан астам зейнетақы мен жәрдемақы алушылардың (оның ішінде зейнетақы алушылардың саны- 82,2 мың адам) төлем мөлшерін қайта есептеу автоматты түрде жүргізіліп, 01.01.2025 жылдан бастап барлық төлем алушыларға көбейтілген мөлшердегі төлемдері төленетін болады.

Т.ҚҰЛМУРАТОВ,
Азаматтарға
арналған үкімет
МК КеАқ Қызылорда
облысы бойынша
филиалы Қазалы аудандық
бөлімің бастығы

АУДАН ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ НАЗАРЫНА!

ҚР-ның 2012 жылғы 9 қаңтардағы газ және газбен жабдықтау туралы 532-IV заңына сәйкес, ғимараттардың, үй-жайлардың түтіндік және желдеткіш арналарының иелері олардың жарамды техникалық күйде болуын қамтамасыз етуге міндетті. Пешті пайдалану барысында жарамдылығын және мұржанын түтін тартуын үнемі бақылау қажет. Акті ала отырып, түтін және желдеткіш арналарын тексеру керек.

-тоқсанына 1 реттен кем емес - кірпіштен соғылған және құрастырылған мұржаларды;

-жылына 1 реттен кем емес - желдеткіш арналарды, темір(қаңылтыр) мұржаларды тексеру жүргізіледі.

Қазалы ауданы бойынша түтін және желдеткіш арналарын тексеру(АКТ беру) жұмыстарын- «Алау Газ-Аймақ» ЖШС жүргізеді.

Байланыс телефоны: 8(724) 330 30 65; 8 7713317412

Ермек ӨМІРБЕКҰЛЫ,
«Алау Газ Аймақ» ЖШС
Қызылорда филиалының
директоры

САУДА ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛАПТАРЫН ҚАТАҢ САҚТАУҒА ШАҚЫРАМЫЗ

Өрт - тілсіз жау, адам баласына материалдық шығынмен қоса адам өмірін де қиып жатыр.

Мәліметтерге сүйенсек өрт салдарынан болған материалдық шығындар үкіметтің ғана емес жеке кәсіпкерлердің, жеке саудамен айналысатын азаматтардың қалтасын саяздатып отыр. Сауда базарларында орын алған өрт оқиғалары өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтамаудан, сондай-ақ, өрттің алдын алуға қарсы іс-шараларды

орындауға немқұрайлы қарауы салдарынан, нысандарды қорғауда өртке қарсы мәселелерді шешуге мән бермеуден, қажетті ұйымдастыру шараларын атқармаудан болып отыр. Қазіргі уақытта күн көріп нан табудың бір түрі сауда болғандықтан, саудамен айналысатын азаматтар сауда орындарыңызда өрт оқиғалары орын алмас үшін өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтаңыздар. Сауда орындарында электр желілерін шамадан тыс

жүктемеңіздер, автоматты өрт дабыл қондырғыларының үнемі жұмыс күйінде болуын қадағалап, алғашқы өрт сөндіру құралдарының жарамдылығын тексеріңіз, эвакуациялық шығу жолдарының ашық болуын қадағалаңыздар.

Сауда орындарында өрт оқиғасы болмас үшін барлық талаптарды орындау өз қауіпсіздігіңізді кепілі.

Қазалы ауданы
Төтенше жағдайлар
бөлімі

СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ

Жеке және заңды Қызылорда облысының фоны жұмыс істейді. Сонымен қатар, жоғарғы тұлғалардың құқықтары мен Төтенше жағдайлар жағдайлар департаменті Қазалы тұрған орган – Қызылорда заңды мүдделерін қорғау және сыбайлас жемқорлықтың облысының Төтенше жағдайлар облысының Төтенше жағдайлар алдын алу мақсатында бөлімі» республикалық департаментінің 8 (7242) «Қазақстан Республикасы мемлекеттік мекемесінде 8 24-40-76 сенім телефоны Төтенше жағдайлар министрлігі, (724 38) 22-1-51 сенім теле- назарларыңызға ұсынамыз.

«Қазалы ауданының Төтенше жағдайлар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2025 жылдың I – тоқсанында жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдау кестесі		
Қабылдау жүргізетін тұлғаның лауазымы, аты - жөні	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның мекен – жайы, қызметтік телефоны
Бөлім бастығы, азаматтық қорғау подполковнигі Калиев Алтынбек Сауытбекович	Әр аптаның жұма күні сағат 10.00- 12.00 сағат 15.00-18.00	Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Төремұрат жырау көшесі, №16 8(724 38) 22-1-51

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.

Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.

Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.

Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.